

Майндмэппинг

Майндмэппинг – қауымдастық байланыстарды графикалық бейнелеуге негізделген ақпаратты аналитикалық ұсыну тәсілі. Басқаша атауы – интеллект карталар, ментальды карталар, «ойлау карталары» - бұл нақты уақыт тәртібіндегі ойлаудың ыңғайлы және тиімді техникасы.

Интеллект-карта бұл – графикалық процесстің және шектен тыс ойдың ұғымын білдіреді, сондықтан бұл адамның интеллектуалды қызметінің табиғи жағы болып табылады.

Интеллект-карта бұл - әр адамның жасына қарамастан көру арқылы қабылдаудың ең күшті әдісі және интеллектуалды әлеуетінің әмбебап кілті болып табылады.

Интеллект-карта бұл - ақпаратты құрастыруға, өңдеуге және ойлауға арналған құрал. Өзінің интеллектуалды әлеуеті мен шығармашылығыңды пайдалану.

«Ментальды карта» терминін ағылшын психологы Тони Бьюзен енгізген болатын және де ағылшын тілінен тікелей аудармасы «ақыл-ой картасы» деген мағынаны білдіреді.

Майндмэппингті идеяны құруға, талдауға, ақпаратты тәртіпке келтіруге, шешім қабылдауға пайдаланады. Ол білімді тақырып бойынша жіктеуге, сыни ойлауды дамытуға, ұжымдық жұмыс дағдыларын алуға, коммуникативті құзыретті дамытуға мүмкіндік береді. Кітапхана жұмысында карталарды пайдалана отырып жұмыс жоспарлау, жазушылардың өмірі мен шығармашылығы бойынша карталар құру, кітаптар немесе сөздер арқылы ойындар өткізу, әдебиеттердің тізімін құрастыру, виртуалды кітап көрмелерін ұйымдастыру іске асырылады. Біз сіздерге интеллект карталарды құру үшін қазіргі заманға сай сервистерді ұсынамыз:

1. Coggle (coggle.it) – сервис әдемі карталарды жасауға, оларды әріптестермен бөлісуге, сондай-ақ өз оқырмандарымен бірлесе жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Дайын карталар PNG немесе PDF форматтарында экспортқа шығарылады.

2. MindMeister (mindmeister.com) – интеллект картаны құруға пайдаланылатын онлайн-құрал (менталды карталар, «ойлау карталары»), идеяларды визуалды түрде ойда сақтауға, оларды дамытуға және олармен бөлісуге мүмкіндік береді.

3. Popplet (popplet.com) – мұның қызықты жақтары көп, олар әдемі мультимедиялық интеллект карталарын құруға мүмкіндік жасайды. Олар көптеген элементтерден тұрады, мәтін, суреттер немесе бейнематериалдар.

4. SpiderScribe (www.spiderscribe.net) – бұл сервистің көмегімен карталарды Google Maps картинкаларымен, құжаттарымен және күнтізбелерімен сүйемелдеуге болады. Картада ұжымдық жұмыс үшін өте ыңғайлы: басқа қатысушыларды редакция жасау үшін шақыруға мүмкіндік бар. Ресурс тіркеуді талап етеді.

5. Cacoо (cacoо.com) – менталды карталарды, диаграмма түрлерін құру үшін ыңғайлы интербелсенді құрал (Венн диаграммасы, блок-схема, тірек диаграммасы т.б.). Ұжымдық жұмыс үшін құралдар ұсынады.

Ұсынылған сервистарды кітапханалар тәжірибесінде кітап пен оқуды дамыту, сондай-ақ сыни ойлау дағдыларын, іздеуді, таңдау мен ақпарат талдауын, ақпаратты жүйелендіру дағдыларын дамыту үшін кеңінен қолдануға болады.

Онда кітапханашы мен оқырмандарға виртуалды кітап көрмелерін құру қызықты болады. Ұжымдық жұмыс мүмкіндіктерін есепке ала отырып, бұл бір жазушының оқылған кітаптары немесе ұсыныстары бар жанр бойынша көрмелер болуы мүмкін. Ментальды карта түрінде ұсынылатын кітаптардың тізімі құрылуы мүмкін.

Ментальды карта виртуалды кітап көрмелерін құру үшін тамаша мүмкіндік болып табылады. Оларды кітапханалар сайттарына қою біздің оқырмандардың ғана емес, кітапханашылардың, ата-аналардың, мұғалімдер мен оқушылардың да назарын аударады. Бұдан басқа, ментальды карталар кітапханашылардың кәсіби біліктілігін көтеру үшін пайдаланылады.